# Желтоқсан-тәуелсіздіктің ұлы рухы



**«Алаш туы астында, күн сөнгенше сөнбеуді» мұрат тұтқан ұлттың негізін қалаған өресі кең өр рухтың қозғалысы, тарихи көрінісі-бұл желтоқсан оқиғасы. Ата-бабамыз аңсаған асыл арман азаттық таңы атып, тәуелсіздікке қол жеткіздік. Бізге тәуелсіздік туын, қазақтың көк байрағын биік көтеріп, ел екенімізді дәлелдеп, дүние жүзіне танылуымызға себеп болған және дүниені дүр сілкіндірген Желтоқсан оқиғасына биыл 29 жыл толып отыр.**

«Мен-қазақ, қазақпын деп мақтанамын, Ұранға «алаш» деген атты аламын» - деп азаттықты аңсаған, сол жолда аянбай қызмет еткен алаш арыстарының барлығы да қуғын-сүргінге ұшырап, Сталиндік қызыл террордың құрбандары болды. Сол алаш қайраткерлерінің азаттық идеясын жалғастырған, қыршын кеткен арыстардың аманатын арқалаған кейінгі толқын іні-қарындастары 1986 жылдың желтоқсанында тәуелсіздік үшін күреске шықты. Жер бетіндегі күллі қазақ баласы үшін азаттықтан ардақты ұғым, тәуелсіздіктен асқан байлық жоқ. Егемендік деген тәтті сөздің еліміз үшін қаншалықты маңызы зор екенін айтып жеткізу мүмкін емес. Олай болатыны-Тәуелсіздік жолында қаншама ұландарымыз өршіл рух танытып, өшпес із қалдырды.

1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Тәуелсіздігін салтанатты түрде жариялады. Бұл қазақ халқы үшін үлкен оқиға. Бүгінде ел экономикасына, әлеуметтік, мәдениет саласында үлкен жетістіктерге жеттік. Елбасы Н. Назарбаевтың білгір саясатының арқасында жүздеген ұлт пен ұлыс өкілдері бейбіт те, еркін жағдайда өмір сүріп жатыр. Бүгін біздің еліміздің сан мың жылдар бойы найзаның ұшымен, еліміздің ерен ісімен, кешегі дүниені дүр сілкіндірген Желтоқсан оқиғасымен келген тарихымызда алтын әріптермен жазылды. Тәуелсіздігімізді жариялағаннан бергі мезгіл ішінде көптеген елеулі табыстарға қол жеткіздік. Бұл Президентіміздің жүргізіп отырған парасатты көреген саясатының нәтижесі-Еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігінің, көп ұлтты Қазақстан халқының жарастығы мен ынтымақтастығының арқасында болып отыр. Еліміздің тәуелсіздігі мен мемлекеттілігінің орныға түсуі, ұлттық қауіпсіздігі, экономикамыздың жедел қарқынмен дами беруі, Қазақстан халықтарының өз болашақтарына деген берік сенімі, қазіргі замандағы өркениетті қауымдастық ортасында іргелі елге айналуы-стратегиялық негізгі бағыттарды құрайды. Сондықтан бұл күн жас мемлекетіміз үшін-біртұтас елдіктің, ынтымақтастық пен татулықтың, сонымен қатар өткенге деген тағлымды салауат пен болашаққа деген сенімді үміттің мерекесі болып табылады. Әрқашан да әрқайсымыздың «кішкене отбасымыздан басталатын кең-байтақ ұлы Отанымыздың» тәуелсіздік күні құтты болсын, көк аспанымызбен астасқан көк туымыз әрдайым биіктен желбірей берсін.

**Сандуғаш**
**ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ,**
**Аңғар ауылының кітапханашысы.**